

30 мамыр 2025



2025 жылғы акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қорытындысы

Алматы, Қазақстан – «Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Компания» және оның еншілес кәсіпорны FlyArystan-мен бірге «Топ»), табыс пен әуе паркі көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы ең ірі әуе компаниялар тобы, 2025 жылғы 29 мамырда өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында келесі шешімдер қабылданғанын хабарлайды.

1. 2024 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін «Эйр Астана» АҚ аудиттелген (шоғырландырылған және жеке) жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.
- 2.1. «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің «Эйр Астана» АҚ Дивидендтік саясат туралы ереженің жаңа редакциясын бекіту туралы ақпарат назарға алынсын (2025 жылғы 13 наурыздағы №260 Хаттама).
- 2.2. Осы шешімнің 1-тармағын ескере отырып, «Эйр Астана» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2015 жылғы 29 мамырдағы (№116 Хаттама) және 2019 жылғы 31 мамырдағы (№154 Хаттама) шешімдерімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен, «Эйр Астана» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2009 жылғы 11 мамырдағы шешімімен бекітілген «Эйр Астана» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ереженің (№56 Хаттама) күші жойылды деп танылсын.
- 2.3. «Эйр Астана» АҚ Бас атқарушы директоры осы шешімді іске асыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдасын. 2023 жылғы отыз миллиард жеті жүз отыз тоғыз миллион жетпіс төрт мың теңге немесе «Эйр Астана» АҚ таза пайдасының 100% «Эйр Астана» АҚ-ның иелігінде қалдырылсын.
- 3.1. 050039, Алматы қ., Закарпатская көшесі, 4А мекенжайы бойынша орналасқан, реквизиттері: IBAN KZ36 6017 1310 0001 7669, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Алматы қ., БИК HSBKZKX, КБЕ 17, БСН 010940000162, «Эйр Астана» АҚ-ның 2024 жылғы аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігіне сәйкес, 2024 жылғы есептік қаржы жылы үшін, 25 522 594 000 теңге мөлшерінде, «Эйр Астана» АҚ-ның шоғырландырылған таза табысты бөлудің келесі тәртібі бекітілсін:
 - 2024 жыл үшін «Эйр Астана» АҚ акционерлеріне дивиденд төлеуге жалпы 19 100 000 000 теңге мөлшерінде сома бағытталсын, дивиденд мөлшері келесі бөліктерден тұруы тиіс:
 - i. қарапайым дивидендтер ретінде 6 304 832 000 теңге; және
 - ii. арнайы дивидендтер ретінде 12 795 168 000 теңге;
 - 422 594 000 теңге мөлшерінде бөлінбеген сома «Эйр Астана» АҚ өкімінде қалдырылсын.

2024 жыл үшін бір жай акцияға есептелетін дивиденд мөлшері 53,7 теңге көлемінде бекітілсін.

Дивидендтер алуға құқығы бар «Эйр Астана» АҚ акционерлерінің тізімін бекіту күні – 2025 жылғы 24 маусымның 00 сағат 00 минутіне (Алматы уақыты бойынша) бекітілсін.

Дивидендтерді төлеудің басталатын күн 2025 жылдың 25 маусымына белгіленсін.

«Эйр Астана» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу «Эйр Астана» АҚ акционерлерінің қолданыстағы шоттарына тиесілі сомаларды аудару жолымен, ақшасыз есеп ауырысу тәсілімен жүргізілсін.

- 3.2. «Эйр Астана» АҚ Бас атқарушы директоры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шешімді іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдасын.
4. 2024 жылы «Эйр Астана» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштерінің жоқтығы туралы ақпарат назарға алынсын.
5. 2024 жылы «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің және атқарушы органының сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынсын.
6. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2025 жылғы 31 желтоқсанда, 2026 жылғы 31 желтоқсанда және 2027 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдарға «Эйр Астана» АҚ қаржылық есептілігіне аудит (шолу) жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде белгіленсін.
7. «Эйр Астана» АҚ есеп комиссиясы келесі шарттармен сайлансын:
- i. «Эйр Астана» АҚ есеп комиссиясының құрамы 4 адам санына айқындалсын.
 - ii. «Эйр Астана» АҚ есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі 2025 жылғы 1 маусымнан 2026 жылғы 1 маусымға дейін 1 жыл болып белгіленсін.
 - iii. «Эйр Астана» АҚ есеп комиссиясының мүшелері болып келесі тұлғалар сайлансын:
 - Найзабекова Жанар Нургалиевна, Заң мәселелері жөніндегі вице-президент / «Эйр Астана» АҚ Бас заң кеңесшісі;
 - Жандосов Жанат Наурзбаевич, «Эйр Астана» АҚ үкіметтік және корпоративтік мәселелер жөніндегі менеджері;
 - Туребекова Алтынай Копбосыновна, «Эйр Астана» АҚ Инвесторлармен байланыс жөніндегі аға менеджері;
 - Есімханова Дана Еркінбақытқызы, «Эйр Астана» АҚ корпоративтік басқару және еншілес ұйымдармен жұмыс жасау жөніндегі маман.

Қосымша ақпарат алу үшін төменде контактілер бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:

Air Astana

Инвесторлармен байланыстар
жөніндегі қызмет

investor.relations@airastana.com

Air Astana

Корпоративтік
коммуникациялар жөніндегі
департамент

media@airastana.com

Vigo Consulting

airastana@vigoconsulting.com

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 61 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air

Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 12 мәрте иеленді және қатарынан 8 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan екі рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.